

**"Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2225 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 647 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 4 мамырдағы № 362 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.05.2026 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2225 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулы үкіметтік сыртқы қарыздардың және республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды қоса қаржыландырудың қаражатынан қаржыландыру болжанатын жобаларға қолданылмайды.";

көрсетілген қаулымен бекітілген техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін жобалардың тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Үлгі жобалар, үлгілік жобалық шешімдер, қайта қолданылатын жобалар бойынша объектілерді және техникалық жағынан күрделі емес объектілерді салуды көздейтін жобалар.";

2-тармақтың 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"25) жобалық қуаты 50 орынға дейінгі мүгедектігі бар балаларға және (немесе) мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту орталығын салу;"

мынадай мазмұндағы 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

"7. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі (тапсырмасы) бойынша іске асырылатын жобалар.

8. Нормативтік құрылыс ұзақтығы 36 (отыз алты) айдан аз өнеркәсіптік, өндірістік және азаматтық мақсаттағы объектілерді салуды (реконструкциялауды) көздейтін жобалар, оның ішінде:

1) әлеуметтік-мәдени, қоғамдық және әкімшілік мақсаттағы объектілер, тұрғын үй, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылымды қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, прокуратура, азаматтық қорғау органдарының, арнаулы мемлекеттік органдардың, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, құқық қорғау және қылмыстық-атқару жүйелерінің, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты, сот-медициналық сараптаманы, өрт, фитосанитариялық, ветеринариялық және өзге де қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша;

3) жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының қолданыстағы учаскелері, ұшу-қону жолақтары, жұмыс істеп тұрған әуеайлақтардың, аэровокзалдардың және аэронавигация объектілерінің кірме автомобиль жолдары ;

4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға кірме жолдар;

5) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы;

6) өнеркәсіптік және өндірістік мақсаттағы;

7) коммуналдық шаруашылық;

8) денсаулық сақтау."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*